

Ұр, тоқпақ!

Бұрынғы өткен заманда бір шал мен кемпір болыпты. Шал мен кемпір кедей болып, тұзақ құрып күнін көреді екен. Бір күні шал тұзағын келіп қараса, бір қаз түсіп қалыпты. Шал қазды тұзақтан босатып алып, бауыздайын десе, қаз шалға айтыпты:

– Мені сен босат! Менен не сұрасаң соны бір жылдан кейін ал, – дейді.

Шал мақұл көріп, қазды босатып қоя береді. Үйіне келіп, жаңағыны айтса, кемпірі шалға ұрсады. Шал:

– Қой, сен түк білмейсің! – деп сөзін тыңдамай, жүре береді.

Бір жыл өтеді. Шал қазға бармақшы болады. Жүре-жүре бір жерге келсе, өңкей түйе жайылып жүр екен. Келіп түйешіден:

– Бұл кімнің түйесі? – десе:

– Бұл – Қазбайдың түйесі, – дейді.

«Бұл Қазбай – баяғы қаз екен», – деп шал ойланып тұрып жүріп кетеді. Бір жерге келіп:

– Бұл кімнің қойы? – деп, қойшыдан сұрайды. Қойшы:

– Бұл – Қазбайдың қойы, – дейді. Шал жаңағы қойшы баладан:

– Шырағым, Қазбайдың бұдан басқа несі бар? – дейді. Бала шалға:

– Қазбайдың үш жақсы нәрсесі бар. Біреуі: «Піс, қазаным, піс!»

– десе, әр түрлі тамақ пісіп шығады, енді біреуі: «Құс, есегім құс!»

– десе, есегі алтын құсады, тағы біреуі: «Ұр, тоқпағым, ұр!» – десе, адамдарды ұра береді, – дейді.

– Мақұл, – деп шал жүріп кетеді.

Шал Қазбайдың аулына келеді. Қазбай шалды күтіп алады. Шал Қазбайдан «Піс қазанын» сұрайды, Қазбай сұрағанын береді.

Шал алып үйіне келе жатса, бір жерде асық ойнап жатқан балалар шалға:

Üsd, sulyok!

Hajdanában élt egy öregember és egy öregasszony. Az állatoknak csapdát állítottak, nagy szegénységben így tengették az életüket. Egy nap, amikor az öregember elment a csapdát ellenőrizni, látja ám, hogy egy lúd lépett bele. Az öregember kiszabadította a ludat a csapdából, hogy elvágja a nyakát, de akkor a lúd megszólalt:

– Engedj el! Egy év múlva bármit, amit kívánsz tőlem, megkapod.

Az öregember beleegyezett, és szabadon eresztette a ludat. Hazatért, és amikor a történeteket elmesélte, az öregasszony pörölni kezdett vele.

– Ugyan már, nem tudsz te semmit! – mondta az öregember, és a feleségét végig sem hallgatta, elment.

Letelt az egy év. Az öregember elindult a lúddhoz. Ment-mendegélt, majd elérkezett egy olyan helyre, ahol köröskörül mindenféle tevék legeltek.

– Ezek kinek a tevéi? – kérdezte a tevépásztortól.

– Ezek Lúd úr tevéi – válaszolta a pásztor.

„Ez a Lúd úr lesz az a lúd, akit én keresek” – gondolta az öregember, és folytatta az útját. Egy másik helyre érkezve tengernyi juhot látott:

– Ezek kinek a juhái? – kérdezte a birkapásztortól.

– Ezek Lúd úr juhái – válaszolta a juhász fiú.

– Fiam, ennek a Lúd úrnak más vagyona is van? – kérdezte az i-ménti juhász fiútól.

– Lúd úrnak három értékes tárgya van. Az egyik egy üst, amelynek ha azt mondja: „főzz, üstöm, főzz”, az mindenféle ételt elkészít. A másik egy szamár, amelynek ha azt mondja: „hányj, szamaram, hányj”, az aranyat hány. A harmadiknak pedig ha azt mondja: „üsd, sulykom, üsd”, akkor megveri az embereket – válaszolta a fiú.

– Pompás – mondta az öregember, és ment tovább, amíg el nem érkezett Lúd úr falujához. Lúd úr már várta őt. Az apó a „főzz, üstöm”-et kérte tőle, Lúd úr pedig teljesítette a kérését. Visszafelé útközben

– Ата, асқа түс! – дейді.

Шал асқа түседі. Үйге кіріп бара жатып, шал балаларға:

– Шырақтарым! «Піс, қазаным піс!» – демендер, – дейді.

Шал үйге кіріп кеткен соң балалар тыңдасын ба: «Піс, қазаным піс!» – деп шулап қоя береді.

Сүйдегенде, әр түрлі тамақ пісіп даяр болады. Балалар қазанды айырбастап, алып қояды.

Шал шығып қазанды үйіне алып барып:

– Піс, қазаным, піс! – десе, еш нәрсе піспейді.

Шал қазанды алып, Қазбайдың үйіне қайта келеді. Қазбайға:

– Бұдан еш нәрсе шықпады, – дейді.

Қазбай қазанды алып:

– Піс, қазаным, піс! – десе, еш нәрсе шықпайды.

Қазбай қазанды алып, шалға есекті беріп жібереді. Шал есекті алып үйіне қайтады. Жолда келе жатса, балалар шалға:

– Ата, асқа түсіңіз! – дейді. Шал асты тастағысы келмей, есектен түседі. Үйге кіріп бара жатып балаларға:

– Шырақтарым! «Құс есегім, құс!» – демендер, – дейді.

Балалар:

– Мақұл! – дейді.

Шал үйге кіріп кеткен соң-ақ балалар: «Құс, есегім, құс», – десе, есек алтын құсады. Балалар есекті айырбастап, орнына басқа есек қояды.

Шал есекті алып үйіне кетеді. Кемпір:

– Қаздан барып алып келгенің осы ма? – дейді.

Шал есекке:

– Құс есегім, құс! – десе, есек еш нәрсе құспайды. Шал есекті алып, Қазбайға тағы қайта келеді.

– Есектен еш нәрсе шықпайды, – дейді. Қазбай есекті алып:

«Құс есегім, алтын құс», – десе, еш нәрсе құспайды.

Шалға Қазбай «Ұр тоқпағын» береді. Шал «Ұр тоқпақты» алып келе жатса, баяғы жерде тағы да балалар жүр екен.

Балалар шалға:

– Ата, асқа түс! – дейді. Шал үйге кіріп бара жатып:

birka bokacsontokkal játszó gyerekekkel találkozott:

– Öregapám, térjen be egy ebédre!

Az öregember elfogadta a meghívást, és mikor a házba lépett így szólt a gyerekekhez:

– Fiaim, ne mondjátok azt, hogy „főzz, üstöm, főzz”!

Miután bement az öregember a házba, a gyerekek – hogy is hallgathattak volna? – elkiáltották magukat:

– Főzz, üstöm, főzz!

Amint kimondták, az üstből mindenféle étel került elő. A gyerekek kicserélték az edényt, és az eredeti üstöt elvették.

Az öregember elindult, hazavitte az üstöt, majd így szólt: „főzz, üstöm, főzz!”, de semmi nem történt.

Az apó fogta az üstöt, és visszatért vele Lúd úrhoz.

– Ez az üst semmit nem főzött – mondta neki. Lúd úr elvette az edényt, és maga is megpróbálta:

– Főzz, üstöm, főzz! – de az üstből semmi nem került elő.

Akkor Lúd úr visszavette az üstöt, és odaadta a szamarát. Az öregember fogta a szamarat, és hazaindult vele. Útközben ismét találkozott a gyerekekkel, akik újra meghívták ebédelni. Az apó nem akarta visszautasítani az ebédet, leszállt a szamárról. Mikor belépett a házba, így szólt:

– Gyermekeim, ne mondjátok azt, hogy „hányj, szamaram, hányj”!

– Rendben – felelték a gyerekek.

Miután az öregember bement, a gyerekek így szóltak: „hányj, szamaram, hányj”, és a szamár aranyat hányt. A gyerekek kicserélték a szamarat, és egy másikat tettek a helyére.

Az öregember fogta a szamarat és hazatért.

– Ezt kaptad a lúdtól? – fogadta az öregasszony.

Az apó így szólt a szamárhoz:

– Hányj, szamaram, hányj! – de a szamár semmit nem hányt. Az öregember fogta az állatot, és ismét elment Lúd úrhoz.


– A szamár semmit nem hányt – mondta.

Lúd úr fogta a szamarat, és azt mondta neki: „hányj, szamaram, hányj”, de a szamár semmi sem hányt.

– Шырақтарым! «Ұр тоқпағым, ұр!» – демендер, – дейді. Шал үйге кіріп кеткен соң, дәндеген балалар: «Ұр, тоқпағым, ұр!» – дейді. Тоқпақ балалардың әрқайсысын ал кеп ұр! Ұрып жүр, ұрып жүр... Балалар тоқпаққа жалынады:

– Ойбай, «Піс қазаныңды», «Құс есегіңді» берейік! – дейді. Шал шығып келе жатып, естіп қояды. Шал келіп: «Піс қазанды», «Құс есекті» бересіңдер ме? – дейді. Балалар:

– Мақұл! Әкеліп береміз! – дейді. Шал «Ұр тоқпақты» қойғызады. Балалар «Піс қазанды», «Құс есекті» әкеліп береді. Шал «Піс қазанды», «Құс есекті», «Ұр тоқпақты» алып, үйіне келеді. Сөйтіп, мұратына жетеді.



Akkor odaadta az öregembernek az „üsd, sulykom”-at. Az apó fogta az „üsd, sulykom”-at, és a korábbi helyen ismét találkozott a gyerekekkel.

– Apó, térjen be hozzánk ebédelni! – mondták. Az öregember ismét meghagyta:

– Fiaim, ne mondjátok azt, hogy „üsd, sulykom, üsd”!

Miután az öregember bement a házba, a gyerekek ismét elkiáltották magukat: „üsd, sulykom, üsd”. Akkor a sulyok elkezdte mindegyik gyereket verni, csak ütötte és ütötte őket. A gyerekek már könyörögtek:

– Jaj, jaj, visszaadjuk a „főzz, üstödet” és a „hányj, szamaradat”!

Az öregember előjött a házból, és meghallotta:

– Visszaadjátok a „főzz, üstömet” és a „hányj, szamaram”-at? – kérdezte. Mire a gyerekek:

– Igen, igen! Azonnal hozzuk és már adjuk is! – felelték. Az öregember leállította az „üsd, sulykom”-at, a gyerekek pedig előhozták a „főzz, üstöm”-et és a „hányj, szamaram”-at. Az öregember pedig fogta mind a hármat, és hazatért. Így érte el a célját.

